



**БЕКІТЕМІН**

**ШҚО ДСБ «Өскемен жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК директоры**

**А.А.Ахмадиев**

**Бұйрық № 41-17**

**«23» маусым 2024 ж.**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт  
Шығыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Өскемен  
жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК  
(бұдан әрі-ШЖҚ КМК)**

**Жалпы Ережелер**

Шығыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Өскемен жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК аталған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі - Стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 10-тармағына сәйкес әзірленді. Стандарт ШҚО ДСБ «Өскемен жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қоғамдық қатынастар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде Денсаулық сақтау жүйесі үшін орта және орта кәсіптік медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге бағытталған ұсынымдар жүйесін білдіреді және ақпараттық-аналитикалық, ұйымдастырушылық қызметін құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етеді.

Стандарттың ережелері мен талаптарын сақтау құрылымдық бөлімшелер, лауазымды тұлғалар, колледждің барлық қызметкерлері мен білім алушылары үшін міндетті болып табылады. Стандартта көзделген колледждегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу шаралары мен тәсілдері толық болып табылмайды. Стандарт талаптарын орындамау білім алушыларды, қызметкерлерді ҚР заңнамасында белгіленген шектерде тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін негіз бола алады және жекелеген жағдайларда азаматтық-құқықтық және қылмыстық қудалау шараларына әкеп соғуы мүмкін.

**Стандарттың мақсаты:** колледжде айқын және ашық түрде қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, колледждің, оның қызметкерлері мен басшылық құрамының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне құқықтық сауаттылық пен нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.



**Стандарттың міндеттері:** функционалдык міндеттерді жүзеге асыру кезінде әкімшіліктің, оқытушылар құрамы мен колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез – құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру; – сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарын болдырмау; – колледж қызметкерлері мен білім алушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту; – колледж қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

**Стандарт Принциптері:**

Колледжде ақпараттық ашықтық қағидаты (ақпараттың дұрыстығы, жарияланымның уақтылығы) қолданыстағы заңнаманың, ҚР нормативтік актілерінің және Колледждің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес оқу орны, оқытушылар мен қызметкерлер туралы ақпараттың қолжетімділігі қамтамасыз етілген:

- 1) Ресми интернет-сайтта;
- 2) БАҚ - та ашық деректерді жариялау;
- 3) азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өтініштерін өңдеу, сондай-ақ осы өтініштерге ден қою;
- 4) Қоғамдық кеңестердің жұмысы;
- 5) барлық мүшелерді хабардар ету (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар): жаңалықтарды, әлеуметтік маңызы бар ақпаратты, фото және бейне есептерді жариялау;
- 6) барлық мүшелерді (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар) тарту: пікірталастарды ұйымдастыру, ұсыныстар, пікірлер мен түсініктемелер жинау  
ведомствоның құжаттары мен бастамаларына, жарияланған есептерге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және т. б.;
- 7) бұзушылық фактілері туралы хабарлаған персоналды қорғауды қамтамасыз ету; қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Колледж өзіне міндеттеме алады. Құпия ақпаратты жария етпеу, сондай-ақ заңнамада рұқсат етілген ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын пайдалану. Мүдделі тараптардың ақпаратқа құқықтарын жүзеге асыруда жедел және қолжетімді ақпарат беруде Колледж тиісті құлақтандыру әдістерін қолданады:
- 8) ақпараттық агенттіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпаратты ашу;
- 9) колледждің ресми интернет-ресурсындағы жарияланымдар арқылы ақпаратты жеткізу;
- 10) баспасөз конференциялары кезінде мүдделі тұлғалармен жеке кездесулер өткізу;
- 11) ҚР заңнамасында көзделген өзге де әдістермен жүзеге асырылады.



### **3. Квazимемлекеттік сектор саласында жұмыс істейтін тұлғалардың жүріс-тұрыс (іс-қимыл) ережелері:**

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа қатысты салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

3.1. Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын ұстануы және оны жүйелі іске асыру;

3.2. жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуі;

3.3. қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін жұмыс істеуі, өздерінің іс-әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуы;

3.4. басқа квазимемлекеттік сәторлардың, ұйымдар мен мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуды жүзеге асырмауы;

3.5. мемлекеттік қызметтер тұтынушысы ретінде халықтың сұрау салуларын негізге ала отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды ұдайы негізде қабылдауы;

3.6. мемлекеттік қызметтер, лицензиялар мен рұқсат құжаттарын алуға арыздарды қарау кезінде әуре-сарсаңға салу фактілеріне жол бермеу, оларды белгіленген мерзімдерде беруі;

3.7. мемлекеттік қызметтер, лицензиялар мен рұқсаттар алуға келген арыз иелерімен қызметтік емес қарым-қатынастарға түспеуі;

3.8. мемлекеттік қызметтер көрсету, лицензиялар мен рұқсат құжаттарын алу үшін бекітілген тізбеге кірмейтін қосымша құжаттарды ұсынуды талап етпеу және сұратпауы сонымен қатар, ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды қызмет алушылардан талап етпеуі.

### **4. Өз құзіреті шегінде басқарушылық және басқа да шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:**

4.1 рулық, жерлестік және жеке сенімділік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

4.2. қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындау;

4.3. қарамағындағы қызметкерлердің арасында еңбек жүктемелерін тең бөлмеуге жол бермеу;

4.4. олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділеттілік пен объективтілік таныту;

4.5. нақты орындалмайтын немесе олардың міндеттеріне кірмейтін, сондай-ақ заңнамаға қарама-қайшы келетін өкімдер бермеу;

4.6. қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағыларының қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

4.7. қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;



4.8. қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;

4.9. қызығушылықтар жанжалын реттеу жөніндегі жан-жақты шараларды уақтылы қабылдау;

4.10. қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік қызығушылықтарды басшылыққа алмауы;

4.11. қызметтік өкілеттіктерді орындаумен байланысты сыйлықтар алмауы;

4.12. мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен басымдықтарды алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауы;

4.13. егер жақын туысқандық қарым-қатынастардағы адамдар (әкешешелері, жұбайлары, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары, немере жиендері, ағалары, әпкелері, әжелері, аталары, жұбайларының жақын туыстары) тікелей қарамағында немесе бақылауында болса, оларды лауазымға тағайындаудан бас тартуы;

4.14. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуы;

4.15. сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілер бойынша басшылыққа дереу баяндауы;

4.16. егер тікелей басшысының өзі мүдделер жанжалына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуі;

4.17. жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануы және әріптестерінен талап етуі.

## **5. Нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:**

5.1. заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауы;

5.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқықтық және нормативтік актілерді қабылдау кезінде дискрециялық нормаларды, екі мағыналылықты, нақтыланбаған тұжырымдамалардың болуына жол бермеу, қолданыстағы заңнамада жеке басы мен (немесе) ұжымдық мүдделердегі қайшылықтар мен кемшіліктерді болдырмауы.

## **6. Басқа да шектеулер мен тиым салулар:**

6.1. мемлекеттік қызметші өз қызметтік іс-әрекетінде адам, оның құқығы мен бостандығы жоғары құндылық болып табылатындығы, әр азамат жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, арнамысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы барлығы көрсетілген конституциялық ережеге сүйенуі тиіс;

6.2. мемлекеттік қызметшінің жүріс-тұрысы өзімшілдік, дөрекілік, адамға тіл тигізу, қорқытуға жол бермейтін құрметсіз қарым-қатынасымен байланысты емес ұстамды болуы қажет;



6.3. квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде қызмет шарттары мен қызметтік іс-шараларының нысанына қарай мемлекеттік органға азаматтардың құрметпен қарауына ықпал етуге, ресмилік, ұстамдылық, дәстүрлік, ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуы тиіс.